

Қасым Қайсенов кенті әкімінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №1 "Қасым Қайсенов кентінің атауы жоқ көшелеріне атау беру және атауын өзгерту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Қасым Қайсенов кенті әкімінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5027 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Қасым Қайсенов кентінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қасым Қайсенов кенті әкімінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 1 "Қасым Қайсенов кентінің атауы жоқ көшелеріне атау беру және атауын өзгерту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3666, 2015 жылғы 10 ақпандағы № 13 "Ұлан таңы" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған өкімнің 2 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

Орталық айналмалы көшеге – "Нұржау" атауы.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қасым Қайсенов
кентінің әкімі*

Д. Мусин